Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қысқаша)

2024 жылғы 04 наурыз іс №1912-24-00-2/344 Қонаев қаласы
Алматы облысы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.А.Қожахметов оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен соттың ғимаратында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Іле ауданы әкімінің аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Жанысбекова Айдана Қыдырәліқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп туну

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарының талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ :

«Іле ауданы әкімінің аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Айдана Қыдырәліқызы Жанысбекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Айдана Қыдырәліқызы Жанысбековадан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімінің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды канағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасынаапелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Қожахметов Б.А.**

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 04.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.04.2024, судья Кожахметов Б. А., 17.04.2024

1912-24-3-1/266